Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы негізінде[1] Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2017 жылға арналған іс-шаралар жоспарында[2] «Агенттерді азаматтық құқық субъектілері қатарына енгізу және агенттік келісім мәселелерін регламенттеу орындылығын қарау» мәселесі қойылған.

Бастапқы кезде ел ішінде ғана пайда болған сауда дамудың арқасында бертін келе оның экономикасының жан-жақты дамуы нәтижесінде сыртқы саудада да дамып, тауар айналымы арқылы кеңейе түсті. Г.Ф. Шершеневич атап көрсеткендей: «көпестер, саудагерлер өз тауарларын өзіне деген сенімді адамдарға тапсырды, ал олар тауарды алыс елдерге апарып, сатып отырды. Одан қайтып келген соң көпеске есеп беріп, есеп айырысып отырған» [2]. Сол сияқты қазіргі заманғы принципал, агент сияқты кәсіпкерлік қызмет, сауда саласындағы мамандардың халықаралық қатынас, сауда саласындағы орны бөлек.

Сауда саласында агенттік операциялар принципал (сенім білдіруші) деп аталатын бір тараптың агент (сауда агенті, коммерциялық агент) деп аталатын тәуелсіз екінші тарапқа келісілген аумақта принципал есебінен және оның атынан тауар сатумен немесе оны сатып алумен байланысты нақты және заңды әрекеттер жасауды тапсыруынан тұрады. Агенттік операциялар агенттік келісім (бұдан әрі - Келісім) деп аталатын ұзақ (әдетте көпжылдық) немесе қысқа мерзімге жасалатын келісімдер негізінде жүргізіледі.

Агенттіңтәуелсіздігіоныңпринципалмен еңбек қатынастарында тұрмайтындығында және белгілі бір сыйақыға өз қызметін дербес атқаратындығында. Агент сауда саласындағы тізбеде тіркелген заңды тұлға ретінде Келісімде белгіленген өкілеттіктер шегінде әрекет етуге міндетті болса да, принципал тарапынан тікелей бақылауға және қадағалауға жатпайды.

Агенттің өз атынан және өз есебінен мәмілелер жасайтын, шарт негізінде қабылданған сатушы мен саудагерден, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдында өз атынан әрекет ететін, бірақ комитент (бір немесе бірнеше келісім жасауға екінші адамға (комиссионерге) тапсырыс беретін адам)

*[1] Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы»// http://adilet.zan.kz/kaz// 22.05.2017 ж. жағдай бойынша.*

*[2] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 906 Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2017 жылға арналған іс-шаралар жоспары» // http://adilet.zan.kz/kaz// 22.05.2017 ж. жағдай бойынша.*

есебінен мәмілелер жасайтын комиссионерден және сауда саласындағы басқа да мамандардан ерекшелігі оның өз қызметін принципал атынан әрі оның есебінен жүзеге асыруы болып табылады. Агент сатып алу-сату мәмілесін жасауға ғана жәрдемдеседі, бірақ өзі (Келісім тарапы ретінде) оған қатыспайды әрі өз есебінен тауарды сатып алмайды. Ол Келісіммен оған жүктелген жауаптылық шеңберінде принципал өкілі ретінде ғана әрекет етеді. Келісімнің сату құқығын беру туралы шарттан (дистрибьюторлық шарт) ерекшеленетін өзгешелігі де осында.

Әр елдің агентке қатысты өз түсінігі бола тұрып, олардың агентке берген анықтамаларында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Мысалы, бірыңғай терминологиялық электрондық базада (бұдан әрі - Электрондық база) қандай да бір адамның тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлға, тапсырманы орындайтын ұйымның, мекеменің және тағы басқалардың өкілі - агент (жалпы) (латынша «agens» - «іс-әрекет»)[3]; Англия мен жалпы құқық (civil law) нормаларын қолданатын мемлекеттерде агенттік келісімдегі тараптар агент және принципал (agent, principal); Германияда - өкіл (сауда өкілі) және кәсіпкер (Vertreter, Handelsvertreter, Unternemer); Францияда - өкіл (агент) және сенім білдіруші (representant, commentant en mandat); Аустрия, Бельгия, Финляндия, Жапонияда - сауда өкілі және кәсіпкер; Скандинавия елдерінде - агент және кәсіпкер, ал Аргентина мен Бразилияда - сенім білдірілген адам және сенім білдіруші деп аталады.

Ағылшын-америка құқықтық жүйесінде (common law) агент деп басқа адамның өкілін білдіру не оның атынан айқындалған аумақта белгілі бір тауары бойынша сауда операцияларын жасауға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға түсініледі. Агент өз принципалы атынан келіссөздер жүргізеді, бірақ ол шарттағы дербес тарап ретінде әрекет етпейді. АҚШ пен Англияда «агент» термині өкілдік пен делдалдықтың барлық түрі бойынша өкілдік берілген тұлға агент ретінде жиі қолданылады.

Германия заңнамасында сауда агенті дербес кәсіпкер ретінде басқа кәсіпкер үшін мәмілелер жасасу бойынша делдалдық қызмет көрсетуге немесе оның атынан мәмілелер жасасуға өкілеттігі бар адамды білдіреді.

Дания, Швеция, Норвегия, Исландия заңнамасында басқа адам өзі үшін заңды әрекеттер жасауға немесе үшінші тараппен шарттар жасасу барысында оның атынан әрекет етуге өкілеттік берген адам агент болып табылады.

Коммерциялық агенттерге қатысты ЕО-ға мүше мемлекеттердің заңнамаларын жақындату туралы директиваның 1-бабына сәйкес «коммерциялық агент» терминіне «принципал» деп аталатын басқа адамның атынан тауарларды сатуға немесе сатып алуға байланысты келіссөздер жүргізуге не принципал атынан мәмілелер талаптарын талқылауға және оны жасасуға өкілеттік берілген тәуелсіз делдалды білдіруі керек деп түсінік берілген[4].

Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінің бірі Италия құқығында агент (agente) пен өкіл (representant) арасындағы айырмашылықты: агент тек шарт жасасу үшін тараптарды байланыстырушы, ал өкіл кәсіпкер атынан шартқа дербес қол қоюшы ретінде көрсетілген [3, 311-313 б.].

Кейбір елдердің заңнамасында агенттердің құқықтық мәртебесіне байланысты айтарлықтай айырмашылықтар бар әрі көп жағдайда ол нақтыланған ережелерді қамтиды, олардың негізінде принципал мен агент арасындағы өзара қарым-қатынас туындайды.

«Агенттік келісім» терминінің құқықтық мағынасы бар және ол келісімдердің белгілі бір түріне ғана пайдаланылады. Бұл терминнің негізсіз пайдаланылуы (агент-дистрибьютор) агенттік болып табылмайтын келісімдерге агенттік келісімдер туралы ережелерді қолдануға себеп болуы мүмкін. Ал бұл, өз кезегінде, елеулі түсінбеушіліктерге алып келеді.

Электрондық базада Келісім - жеке немесе заңды тұлғамен принципал атынан және оның мүддесін көздей отырып, белгілі бір міндеттерді орындау жөніндегі шарттың түрі acentelik anlaşması (түрік тілінде), agentliyi müqavilə (әзербайжан тілінде), agentlik shartnomasi (өзбек тілінде), агенттик келишим (қырғыз тілінде)[5] деп анықтама берілген.

Келісімдерді құқықтық реттеуде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Континенттік Еуропа мемлекеттерінде, Скандинавия елдерінде, сондай-ақ Жапония мен басқа да дамушы елдерде агенттердің

---

[3] *Бірыңғай терминологиялық электрондық база//https://termincom.kz// 22.05.2017 ж. жағдай бойынша.*

[4] *1986 жылғы 18 желтоқсандағы Коммерциялық агенттерге қатысты ЕО мүше мемлекеттердің заңнамаларын жақындату туралы № 86/653/ЕЭО директивасы //http://www.alppp.ru/law/grazhdanskoe-pravo/mezhdunarodnoe-chastnoe-pravo/11/direktiva--86653ees-soveta-evropejskih-soobschestv.html// 22.05.2017 ж. жағдай бойынша.*

[5] *Бірыңғай терминологиялық электрондық база// https://termincom.kz// 22.05.2017 ж. жағдай бойынша.*

құқықтық қатынастарын реттейтін нормалар, әдетте, азаматтық және сауда кодекстерінде не сауда агенттері туралы заңдарда белгіленген әрі шарттың қатысушылары өзгеше келіспегенде қолданылады.

Континенттік Еуропа мемлекеттерінің құқық жүйесінде (civil law) сауда дедалдарының қызметтеріне, оның ішінде шет елдер нарығына тауарларды жеткізу бойынша қызметтерге қатысты коммерциялық өкілдік шартының жүйесі қабылданған, оған сәйкес өкіл сенім білдіруші атынан және оның есебінен әртүрлі мәмілелер жасайды. Сонымен бірге ол үшінші ел нарығына тауарының жеткізілуіне сенімгердің мүддесін ескереді және осы іс-шараға жәрдемдесуші кешенді (нарық зерттеулері, жарнама, клиенттер іздеу, олармен келіссөздер жүргізу және басқа да шаралар) орындайды.

Өкілдік туралы ағылшын құқығының нормаларын пайдаланатын Англияның, АҚШ және басқа елдердің заңнамасында сауда агенттері туралы арнайы норма жоқ, сауда агенттерімен құқықтық қатынас толығымен сауда ережелерімен және сот практикасымен айқындалады. Бұл жерде тараптардың құқығы мен міндеттері Келісімнің шарттарымен белгіленеді. Сондай-ақ Келісімді жасау кезінде агенттің өз міндеттерін атқарған кезде принципал нұсқаулары негізінде әрекет ететінін немесе заңды басшылыққа алатынын не керісінше, оны міндеттеуші қандай да бір келісімге қол қоятынын, кепілдік беретінін, принципал атынан қандай болмасын сенім білдіретінін, келісімшарт негізінде принципал атынан қаржы бөлетінін, өзін агент немесе принципалдың сауда өкілі деп танитындығын нақты шешу қажет.

Тараптар әр жағдайда Келісімге енгізу қажет болатын тармақтарды нақты айқындайды. Осы тармақтар мен оларды енгізудің нысанасы Келісімде мүдделері қозғалған елдің немесе елдердің заңына ішінара негізделеді не Келісімге ішінара еркін енгізіледі. Бірақ Келісімнің барлық мәселелері бойынша заңға сілтеме жасап қана қоймай, негізгі қағидат мазмұнының басым бөлігі айқындалған тармақтармен беріледі.

Халықаралық сауда тәжірибесі Келісімнің және оның түзетулерін жазбаша жасалуының орындылығын көрсетті, өйткені бірқатар елдерде бұл заңмен негізделген. Оған қоса, екі тарап та Келісімді принципал елінің заңдарын, сонымен бірге принципал атынан қызмет атқаруға өкілетті агенттің заңдарын да алдын ала зерделемей тұрып жасаудың қиындықтарды туғызатынын ескеруі керек [4, 295-296 б.].

Келісімнің тақырыбы нысанасына қарай: агенттік келісім (Agency Agreement); агенттік келісімшарт (Agency Contract); халықаралық агенттік келісімшарт (International Agency Contract); коммерциялық агенттік келісім (Commercial Agency Agreement); тапсырма шарты; сауда өкілдігі туралы шарт болып бөлінеді.

Принципал мен сауда (коммерциялық) агенті келісімнің тараптары болып табылады. Олар - дербес әрі біріне-бірі тәуелсіз заңды және/немесе жеке тұлға. Принципалдың агентке берген өкілеттігіне қарай агенттерді принципал атынан мәмілелер жасауға құқығы бар және құқығы жоқ деп ажыратылады.

Келісімде мақсатына қарай тауар анықталады, яғни, тауардың түрлері нақты көрсетіледі. Әдетте, келісілген тауарлар Келісімнің Қосымшасында тізбеленіп беріледі. Тараптардың келісуі бойынша басқа сәйкес келетін жаңа тауарларды Келісімге енгізуге болады. Сатып алушылармен келіссөздер барысында тауарды ұсынған кезде сатып алу-сату шартының ережелері мен шарттарын агент қатаң сақтау керек. Бұл сатып алушы берген тапсырыстың принципалдың шарттарына, көбінесе, баға мен жеткізу мерзіміне сай болатынына сенімді болу үшін жасалады.

Тауар туралы тармақта немесе жекелеген тармақта агент операциялар жасай алатын аумақ айқындалады. Көбінесе ол келісімде «аумақ» деп аталып, онда не оның Қосымшасында көрсетіледі.

Келісімнің келесі тармағы агенттің құқықтары мен міндеттеріне арналады. Агент Келісім бойынша өткізуді ұйымдастыруға да, принципалдың мүддесін қорғауға да қатысты міндеттерді өзіне алады.

Агент принципал нұсқаулығына сәйкес аумақта тауарларды сатуға жәрдемдесу және оның мүддесін қорғау үшін бар күшін салады. Егер өзгеше келісілмесе, агенттің принципал атынан үшінші тұлғамен келісімшарт жасасуға құқығы жоқ. Принципал атынан келісімшарт жасасу құқығы, әдетте, халықаралық саудада қолданылмайды. Дегенмен, егер тараптар агентке осындай құқық беруге қарсы болмаса, онда олар Келісім мәтінінде осы жағдайды ескереді.

Агенттің өткізуді ұйымдастыру және принципал мүддесін қорғау бойынша міндеттері Келісімде арнайы белгіленеді:

Бейбәсекелестік туралы - агенттің Келісім қолданысы мерзімінде (ерекше белгіленсе, қолданыс мерзімінен кейін де) принципал тауарлары үшін бәсекелес болып саналатын тауарларды өткізуге, өндіруге, жарнама жасауға, сондай-ақ келісілген аумақта бәсекелес болып табылатын басқа фирмалар атынан тікелей де, жанама да

әрекет етуге құқығы жоқ.

Сатуды ұйымдастыру - агент аумақта өз міндеттерін атқаруға кепілдік беру үшін сатудың тиісті ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жарнама жасау - агентке принципал нұсқаулығына сәйкес өз есебінен жарнама жасау міндеті жүктеледі. Ол өзі жасаған жарнама материалдарының мазмұны мен безендірілуін, жарнаманы, осы мақсаттар үшін басылым таңдауды принципалмен келісуге міндетті. Тараптар бірлескен жарнаманы жасауды да уағдаласа алады.

Сатудың ең төмен айналымы туралы - агентке сатудың кепілдендірілген ең төмен, яғни, келісілген сомадан кем болмайтын көлемде сатып алу-сату шартын жасасу бойынша белгілі бір мерзімге белгіленетін делдалдық қызметті атқару міндеті жүктеледі.

Агенттің қаржылық жауаптылығы туралы - агент сатып алушылардың төлем қабілетті екендігіне алдын ала көз жеткізуге міндетті.

Делькредер - осы делькредер міндетін өзіне алған агент сатып алушы төлем қабілетсіз болған жағдайда, келтірілген залалды Келісімде алдын ала белгіленген сома шегінде өтеуге міндеттенеді.

Принципалға ақпарат пен есеп беру - агент нарық, бәсекелестік жағдайы, валюта мен кеден, аумақ шегінде импортты реттеу қағидалары, барлық кемшіліктер, бағалар, тауарлардың техникалық деректері туралы және басқа да Келісім нысанасына қатысты ақпаратты принципалға беріп отыруға міндетті.

Принципалдың тауар белгілері мен белгілемелері - агент принципалдың тауар белгілерін, фирма атауын және өзге де белгілемелерін Келісімде көзделген тауарлардың төлнұсқалығын растау және жарнамалау әрі принципал мүддесі үшін ғана пайдаланады.

Келісімнің комиссиялық сыйақы тармағына қатысты оның анықтамасы ретінде «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабында «комиссиялық (агенттік) сыйақы - мәмілеге қатысушы мен сауда брокері, трейдер немесе агент арасындағы жеке келісімде көзделген, жасалған мәміле сомасы немесе сомасының пайызы түрінде төленетін, тауарды сатып алу-сату, жұмысты орындау, қызметті көрсету бойынша сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің көрсеткен қызметі үшін төлемақы»[6] деп түсіндірілгенін келтіруге болады. Сонымен бірге Электрондық базада агенттік сыйақы - өткізуді кеңейту мақсатымен, тауарды сату және оның жарнамасы бойынша делдалдық қызметті төлеу, ajan komisyonu (түрік тілінде), agent komissiya (әзербайжан тілінде), agentlik komissiyasi (өзбек тілінде), агенттин комиссиясы (қырғыз тілінде) деп анықтама берілген[7].

Келісімшарт қолданысы кезеңінде Келісім аумағындағы сатып алушылар алған, келісілген тауарлардың барлық сатылымы үшін агенттің комиссиялық сыйақыға құқығы бар. Агенттің комиссиялық сыйақысы сатып алушы келісілген шарт талаптары бойынша төлеуге міндетті нақты сатып алу бағасының келісілген пайызымен есептеледі. Яғни, агенттің сыйақысы принципалға сатылған тауардан түсетін нетто-сомадан (шоттардың таза сомасынан) есептеледі.

Агенттің комиссиялық сыйақысының мөлшері оның атқаратын функциясына, тауар түріне, көрсететін қызмет көлеміне байланысты болады. Халықаралық сауда практикасы көрсеткендей, комиссиялық сыйақы мөлшері 2 пайыздан 10 пайызға дейінгі аралықты құрайды.

Келісімде агенттің сыйақысы оған қашан төленетіні және қай кезде өтелген деп саналатыны көрсетіледі. Комиссиялық сыйақы сомасына байланысты кез келген салықты агент өзі төлейді.

Принципалдың құқықтары мен міндеттеріне мыналар жатады:

Принципал агент ұсынған мәмілелерді қабылдау, одан бас тарту туралы өз шешіміне қатысты ақпаратты оған хабарлауға міндетті. Агент берген дербес тапсырысты қабылдауды не қабылдамауды өз қалауы бойынша шешуге құқығы бар, дегенмен, ол одан себепсіз бас тарта алмайды. Принципалдың тапсырыстардан қайтадан бас тартуы оның тарапынан келісімшартты бұзғаны болып саналады.

Принципал агентке шарттық тауарларға жататын барлық жазбаша құжаттаманы, сондай-ақ агентке өз міндеттемелерін орындауға қажетті ақпаратты береді. Келісімде принципалдың агентке оның қызметіне қажет материалдарды беруге және онымен жасасатын мәміленің шарттарын айтуға (тегін немесе ақылы) міндетті екені көрсетіледі.

Принципал бағаны өзгертуге, агент арқылы өткізетін тауарлардың сауда белгісін тіркеуге құқылы.

*[6] «Трансферттік баға белгілеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000067// 22.05.2017 ж. жағдай бойынша.*

*[7] Бірыңғай терминологиялық электрондық база// https://termincom.kz// 22.05.2017 ж. жағдай бойынша.*

Екі тарап та өзара келісу бойынша өзге де құқықтар мен міндеттерді арнайы көрсете алады.

Келісімнің қолданылу мерзімі және оны бұзу тәртібі тармағына сәйкес оның қолданылу мерзімі бөлігінде Келісім белгіленген немесе белгіленбеген мерзімге жасалады. Әдетте, ол бір жылдан бес жылға дейін белгіленген мерзімге жасалады әрі онда оның келісілген мерзімге немесе бір тарап шарттық қатынастарды тоқтату ниеті туралы мәлімдегенге дейін белгіленбеген мерзімге ұзартылатыны да көрсетіледі.

Әрбір тарап келісімшартты бұзу ниеті туралы жазбаша хабарламаны біріне бірі жіберу арқылы келісімшартты бұза алады. Бір тарап келісімшарттың қандай да бір міндеттемелерін сақтамағанда немесе ерекше жағдайларда келісімшарт бұзылады.

Әдетте, Келісімге тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулардың тиісті төрелікке және бітімгерлік қағидаларына сәйкес реттелетіні туралы талап енгізіледі. Төрелік келісімшарттың ережелерін және халықаралық саудада жалпыға танылған халықаралық агенттік келісімшартқа қатысты қолданылатын құқық қағидаттарын негізге алады. Егер агент болатын ел Еуразиялық одаққа мүше мемлекет болса, онда осы жағдайға байланысты ЕО міндетті директивасы да қолданылады. Қандай жағдай болса да төрелік агент болатын ел заңнамасының құқықтық нормаларын міндетті түрде ескереді [3, 326-334 б.].

Құрылымы жоғарыда келтірілген Келісімді (шартты) үлгілік нұсқа ретінде пайдалану ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) (бұдан әрі - ҚР АК) 41-тарауы Келісімнің бір түрі Тапсырма шартына[8] арналған. Осы тараудың 846-бабына сәйкес Тапсырма шарты (бұдан әрі - Шарт) бойынша бір тарап (сенім білдірілген өкіл) екінші тараптың (сенім білдірушінің) атынан және соның есебінен белгілі бір заңды іс-әрекет жасауға міндеттенеді. Сенім білдірілген өкіл жасаған мәміле бойынша құқықтар мен міндеттер тікелей сенім білдірушіде пайда болады әрі ол жазбаша нысанда жасалады.

Шарт, жалпы ереже бойынша, ақылы болады, бірақ ол, әсіресе, егер тараптардың арасында жеке-сенімгерлік қатынастар қалыптасқан болса, тегін болуы да мүмкін.

Сенім білдірілген өкілдің міндеттері: Сенім білдірушінің нұсқаулары бойынша тапсырманы орындау; Сенім білдірушінің талабы бойынша тапсырманың орындалуы жөнінде есеп беру; Сенім білдірушіге мәміле бойынша алғандарының барлығын қайтарып беру; Орындағаны жөнінде сенім білдірушіге есеп беру; Егер келісімшарт сенімхатқа негізделген болса, тапсырманы орындап болғаннан кейін сенімхатты қайтарып беру.

Егер істің мән-жайы бойынша ол сенім білдірушінің мүдделері үшін қажет болса және сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден алдын ала сұрай алмаса не өзінің сауалына дер кезінде жауап алмаса, сенім білдірілген өкіл сенім білдірушінің нұсқауларынан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда сенім білдірілген өкіл, хабарлау мүмкін болысымен жол берілген ауытқулар туралы сенім білдірушіні хабардар етуге міндетті.

Сенім білдірушінің міндеттері: Өкілге тапсырма мен нұсқаулар беру. Сенім білдірушінің нұсқаулары нақты, заңды және жүзеге асырылатын болуы тиіс; Сенім білдірілген өкілді тапсырманы орындау үшін қажетті қаражатпен, құралдармен қамтамасыз етуге; Сенім білдірілген өкілдің тапсырманы орындау үшін қажет болған шығындарының орнын толтыруға міндетті; Сенім білдіруші Шартқа сәйкес сенім білдірілген өкілдің орындағанының барлығын кешіктірмей қабылдауға міндетті; Егер Шарт тараптары екеуінің де немесе олардың бірінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына байланысты болса, шартта өзгеше көзделмесе, сенім білдіруші сенім білдірілген өкілге сыйақы төлеуге міндетті.

Егер Шартта немесе заң актілерінде Шартты орындаудың өтелуі көрсетілсе, бірақ сыйақының мөлшері көрсетілмесе, онда ол осыған ұқсас қызметтер үшін, әдетте, қабылданған баға ескеріле отырып айқындалады. Сенім білдірілген өкіл барлық талап етілген әрекеттерді тиісті түрде атқарғанын, бірақ тапсырманың орындалмай қалғанына ол кінәсіз екендігін дәлелдеген жағдайда да сыйақы төленуге тиіс.

Мынадай: келісімшартта (сенімхатта) сенім ауыстыруға құқық берілген; өкіл елеулі себептермен сенім білдірушінің мүдделерін жеке өзі қорғауға мүмкіндігі болмағанда, оның мүдделерін қорғау үшін сенімді басқа тұлғаға ауыстыруға мәжбүр болған жағдайларда, сенім білдірілген өкілге сенімді басқа лауазымды тұлғаға (орынбасарға) тапсыруға, яғни, сенім ауыстыруға рұқсат етіледі.

Сенім ауыстыру мерзімі ол негізге алынып берілген алғашқы келісімшарттың

[8] *1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409 // 22.05.2017 ж. жағдай бойынша.*

қолданылу мерзімінен аспауы керек.

Егер біреудің мүддесі үшін жасалған әрекеттер оның тапсырысынсыз, яғни, Шартқа қол қойылмай тұрып жасалған болса және кейін де оның осы әрекеттерін сол адамның өзі қолдаған болса, онда сенім білдірілген өкіл шығындарын одан өтетіп алуға және сыйақы алуға құқылы болады, сонда ғана бұл әрекеттерге Шарт жөніндегі ережелер қолданылады [5, 79-81 б.].

Шарт міндеттерді тоқтатудың жалпы негіздерімен қатар: сенім білдірушінің тапсырманы ауыстыруы; сенім білдірілген өкілдің бас тартуы; сенім білдірушінің немесе сенім білдірілген өкілдің қайтыс болуы, олардың біреуін әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі немесе хабарсыз кетті деп танудың салдарынан тоқтатылады (852-бап)[9].

Тәжірибе жүзінде делдалдық тапсырма шарты, комиссия шарты, көлік экспедициясы және жай делдалдық, өтемелі қызмет көрсету шарты, агенттік сияқты шарттармен жүзеге асады. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында тапсырма, комиссия, көлік экспедиция шарттары және басқалары қамтылған, ал агенттік шарт (келісім) көрініс таппаған. Алайда, тәжірибе жүзінде заңнама ұқсастығын пайдалана отырып, бұл шарттарды жасауға тыйым салынбаған. Бұл Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында жаңадан даму үстінде, сондықтан да әлі экономикалық тұрақтылық сипатын ала қойған жоқ.

Агенттік шарт Ресей Федерациясының Азаматтық кодексіне (екінші бөлім)[10] (бұдан әрі - РФ АК) тек 1996 жылы ғана енгізілген. РФ АК-нің 1005-бабына сәйкес «Агенттік шарт бойынша агент екінші тараптың тапсырмасымен сыйақы үшін өз атынан немесе тапсырыс беруші атынан және соның есебінен бірнеше заңды әрекеттер жасауға міндеттенеді».

Ал Қазақстан Республикасының заңнамасында бұл шарт көрсетілмегендіктен, ол үшін не тапсырма шарты немесе комиссия шарты жасалады. Ресейдің жаңа азаматтық кодексі қабылданғанға дейін де ол тапсырма немесе комиссия шартымен реттелді. Алайда, жаңа кодекстер қабылданған соң, агенттік шарт жеке шарт ретінде атап көрсетілді.




РФ АК бойынша агенттік шарт тек заңды әрекеттер ғана емес, нақты әрекеттер де жасай алады. Оған қоса, агенттік шарт комиссия шартының да, тапсырма шартының да моделін қолданыла алады. Агент өз атынан клиент есебінен әрекет етсе, комиссия шартын, клиент атынан клиент есебінен әрекет еткенде тапсырма шартының моделін пайдаланады [6]. Сонымен қатар РФ АК түсіндірмесінде егер агент принципал атынан әрекет етсе, оның қызметі тапсырма шартында көзделген қағидалармен, ал егер ол өз атынан әрекет етсе, онда басқаның мүддесіне тапсырмасыз әрекет жасау бойынша нормаларды қолдану арқылы реттелетіні де түсіндірілген[11].

Талдау негізінде ҚР АК Агенттік шартты, оның ұғымдары мен қолданысын, агенттік сыйақыны, тараптардың (агент пен принципал) құқықтарын реттеуді, міндеттерін және оған қатысты өзге де мәселелерді қамтитын баптардан тұратын «Агенттеу» тарауын енгізу ұсынылады.

1978 жылы халықаралық деңгейде қабылданған Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясы шеңберінде

---

*[9] 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409 // 22.05.2017 ж. жағдай бойынша.*

*[10] 1996 жылғы 26 қаңтардағы Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі (екінші бөлім), http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_9027/ 28.03.2017 ж. жағдай бойынша.*

*[11] Ресей Федерациясының Азаматтық кодексіне түсіндірме http://zakoniros.ru/?p=15567 // 28.03.2017 ж. жағдай бойынша.*

Агенттік келісімдерге қолданылатын құқық туралы Конвенция 1992 жылы күшіне енді. Келісімдерді реттеуге қатысты Халықаралық сауда палаталарының да актілері бар: Әр елдің тараптары арасындағы сауда агенттік келісімдерін жасау жөніндегі нұсқау, 2002 жылы қабылданған Үлгілік коммерциялық агенттік келісімшарт. Көрсетілген актілерді тараптар өз агенттік келісімдерін әзірлеген кезде пайдалануға, сонымен бірге осы құжаттарға сілтеме жасауға болады [7, 100-101 б.].

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы «...Біз тауар өндіру мен өткізу, қызмет көрсету ісін жаһандық желіге бейімдеуіміз керек. ...Халықаралық ынтымақтастық аясында ұлттық экономикалық мүдделерді қорғап, ілгерілету қажет» деген бірінші басымдығына [8] байланысты халықаралық сауда қатынастарының, әсіресе, көрші мемлекеттермен арадағы сауда байланыстарының қарқынды дамуы қашан да өзекті болып қала береді.

Әр елдің халықаралық қатынастарды жете дамытуын оның өркениет жетістігі деп бағалауға болады. «Шарттар - бұл құқықтық құрылыстың ең көнелерінің бірі» - деп ғалымдар сипаттаған, халықаралық қатынастарды дамыту құралдары шарттардың, агенттік келісімдердің, халықаралық келісімдердің халықаралық аренадағы Қазақстанның орнын нығайтуда, дамытуда маңызы жоғары деп қорытындылауға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР


*1. Қазақстан Президентінің Назарбаев Университеті студенттері алдында сөйлеген сөзі // http://www.akorda.kz// 16.06.2017 ж. жағдай бойынша.*

*2. Байсымакова Д.С. Роман-германдық құқықтық жүйедегі комиссия шартының реттелуі // http://group-global.org/en/node/53547 // 07.02.2017 ж. жағдай бойынша.*

*3. Герчикова И.Н. Международное коммерческое дело: учебник, второе издание, переработанное и дополненное. - Москва: ООО «Издательство Юнита-Д», 2001. - 671 с.*

*4. Герчикова И.Н. Международное коммерческое дело. Практикум: учебное пособие для вузов. - Москва: ООО «Издательство Юнити-Д», 1999. - 527 с.*

*5. Ыдрышева С.К. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: оқу құралы. - Астана: «Фолиант», 2015. - 248 б.*

*6. Мұқалдиева Г.Б. Құқықтық реттеу. Шарттар. ҚазҰУ Хабаршысы, 2011 жыл, Алматы қ. Научные статьи Казахстана // https://articlekz.com/ 16.06.2017 ж. жағдай бойынша.*

*7. Канашевский В.А. Агентские соглашения и договоры комиссии во внешнеторговом обороте // Журнал Российского права. - 2014. - №3 (207), 2014.- С. 96-104.*

*8. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017// 16.06.2017 ж. жағдай бойынша.*


## REFERENCES


*1. Қazaқstan Prezidentiniң Nazarbaev Universiteti studentteri aldynda sөjlegen sөzi // http://www.akorda.kz// 16.06.2017 zh. zhaғdaj bojynsha.*

*2. Bajsymakova D.S. Roman-germandyқ құқyқtyқ zhүjedegi komissija shartynyң rettelui // http://group-global.org/en/node/53547 // 07.02.2017 zh. zhaғdaj bojynsha.*

*3. Gerchikova I.N. Mezhdunarodnoe kommercheskoe delo: uchebnik, vtoroe izdanie, pererabotannoe i dopolnennoe. - Moskva: OOO «Izdatel’stvo Junita-D», 2001. - 671 s.*

*4. Gerchikova I.N. Mezhdunarodnoe kommercheskoe delo. Praktikum: uchebnoe posobie dlja vuzov. - Moskva: OOO «Izdatel’stvo Juniti-D», 1999. - 527 s.*

*5. Ydrysheva S.K. Қazaқstan Respublikasynyң azamattyқ құқyғy: oқu құraly. - Astana: «Foliant», 2015. - 248 b.*

*6. Mұқaldieva G.B. Құқyқtyқ retteu. Sharttar. ҚazҰU Habarshysy, 2011 zhyl, Almaty қ. Nauchnye stat’i Kazahstana // https://articlekz.com/ 16.06.2017 zh. zhaғdaj bojynsha.*

*7. Kanashevskij V.A. Agentskie soglashenija i dogovory komissii vo vneshnetorgovom oborote // Zhurnal Rossijskogo prava. - 2014. - №3 (207), 2014.- S. 96-104.*

*8. Memleket basshysy N.Nazarbaevtyң 2017 zhylғy 31 қaңtardaғy «Қazaқstannyң үshinshi zhaңғyruy: zhahandyқ bәsekege қabilettilik» atty Қazaқstan halқyna zholdauy // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017// 16.06.2017 zh. zhaғdaj bojynsha.*